ҚР Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
29.09.2025 № 296 бұйрығы

Кәсіптік стандарт: «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» кәсіптік стандарты кәсіптік қызмет саласындағы білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейлеріне (кәсіптеріне) қойылатын жалпы талаптарды белгілейді, оны жұмыс берушілер, білім беру ұйымдары, кәсіптік біліктілікті тану орталықтары, сондай-ақ мемлекеттік органдар және өзге де мүдделі тараптар жұмыспен қамту саласындағы саясатты әзірлеу және іске асыру кезінде пайдалана алады. Кәсіптік стандарт мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі көрсететін қызметтерге қолданылады, оларға еңбек мобильділігі орталықтары мен мансаптық орталықтар жатады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – аппараттық-бағдарламалық кешендер мен телекоммуникациялар желісін қолдана отырып жүзеге асырылатын электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

2) білім – оқыту және жеке тәжірибе арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория және практика жиынтығы; міндетті түрде бағалауға жататын біліктілік компоненті;

3) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазымы);

4) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білімдер мен машықты қолдану қабілеті;

5) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

6) еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру ұйымы (бұдан әрі – біліктілікті арттыру ұйымы) – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 16-бабының 2-тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мен еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) мамандарының біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын Еңбек ресурстарын дамыту орталығының құрылымдық бөлімшесі;

7) еңбек нарығы – жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын сала;

8) жұмыс беруші – қызметкер еңбек қатынастарында тұрған жеке немесе заңды тұлға;

9) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге ықпал етуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

10) жұмысқа орналастырудың жеке жоспары – жұмыссыздың жеке деректері, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар көрсетілетін құжат;

11) жұмыссыз – жұмыс іздеуші және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

12) кәсіп – қызметкердің кәсіби даярлық дәрежесі, жұмыстың белгілі бір күрделілік дәрежесін орындау үшін қажетті білімінің, шеберлігінің және дағдыларының болуы;

13) кәсіптік оқыту – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексте көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтарды (кәсіптерді), дағдыларды меңгеру және біліктілікті арттыру мақсатында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды қамтитын оқыту;

14) кейс-менеджер – кейс-менеджментті, жеке жоспарлауды және ведомствоаралық өзара іс-қимылды қолдана отырып, қызметіне жүгінген адамдарды кешенді сүйемелдеуді жүзеге асыратын маманға сәйкес келетін біліктілік санаты;

15) құзыреттілік – қызметкердің кәсіптік және еңбек қызметінде білімін, біліктілігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

16) мансап орталығы – аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада өз функцияларын орындауды жүзеге асыратын еңбек мобильділігі орталығының филиалы;

17) мансаптық кеңесші – жұмыспен қамту және мансаптық даму мәселелері бойынша жүгінген адамдарға бастапқы консультация беру, оларды хабардар ету және сүйемелдеу дағдыларын меңгерген маманға берілетін біліктілік санаты;

18) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышының, ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленеді және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

19) тәлімгер – неғұрлым төмен санаттағы мамандар үшін әдістемелік қолдау, күрделі жағдайлар бойынша консультация беру және тәлімгерлік функцияларын қамтитын кәсіпқойлық пен тәжірибенің жоғары деңгейін көрсететін біліктілік санаты;

20) халықты жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, жалақы немесе кіріс әкелетін, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты еңбек қызметі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;

2) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) БА – басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші;

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

5. Кәсіптік стандарттың коды: N78100032

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

N Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

78 Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет

78.1 Жұмысқа орналастыру агенттіктерінің қызметі

78.10 Жұмысқа орналастыру агенттіктерінің қызметі

78.10.0 Жұмысқа орналастыру агенттіктерінің қызметі

N Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

78 Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет

78.2 Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

78.20 Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

78.20.0 Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандарт жұмыспен қамту қызметінің басшылары мен мамандарына қойылатын біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптардың сипаттамасын қамтиды. «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» кәсіптік қызмет саласы мынадай қызмет түрлерін қамтиды: бос жұмыс орындарының тізімін жүргізу, жұмыс берушілерге қажетті қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесу және жұмыспен қамту саласында басқа да қызметтер көрсету, азаматтарға лайықты жұмыс іздеуде жәрдемдесу, жұмыс іздеушілермен кәсіптік бағдарлау сұхбаттасуларын (кәсіптік бағдарлауды) өткізу, жұмыссыз азаматтарға еңбек нарығында әлеуметтік бейімдеуді ұйымдастыру, азаматтар үшін уақытша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру және оларды кәсіптік оқыту, мүдделі тараптарға еңбек нарығы және оның тенденциялары туралы ақпарат беру. Еңбек қызметінің негізгі мақсаты – азаматтарға еңбек құқығын іске асыруда және жұмыспен қамтуды таңдауда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; белсенді шараларды іске асыру арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу; еңбек нарығында азаматтарды әлеуметтік қорғауды қамтамсыз етуге бағытталған шараларды іске асыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман - 4 СБШ-нің деңгейі

2) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман - 4 СБШ-нің деңгейі

3) Әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент - 4 СБШ-нің деңгейі

4) Жұмысқа орналастыру жөніндегі консультант - 4 СБШ-нің деңгейі

5) Кәсіптік даярлау жөніндегі маман - 4 СБШ-нің деңгейі

6) Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант - 4 СБШ-нің деңгейі

7) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман - 5 СБШ-нің деңгейі

8) Жұмыспен қамту қызметінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы - 5 СБШ-нің деңгейі

9) Кәсіптік даярлау жөніндегі маман - 5 СБШ-нің деңгейі

10) Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант - 5 СБШ-нің деңгейі

11) Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман - 5 СБШ-нің деңгейі

12) Еңбек нарығының талдаушысы - 6 СБШ-нің деңгейі

13) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі

14) Кәсіптік даярлау жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі

15) Жұмыспен қамту қызметінің басшысы - 6 СБШ-нің деңгейі

16) Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант - 6 СБШ-нің деңгейі

17) Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман»:	
Топтың коды:	3333-0
Қызмет атауының коды:	-
Кәсіптің атауы:	Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 116614 болып тіркелген). 8-параграф. Еңбек мобильділігі орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) маманы, 7-параграф. Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) маманы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Санатсыз: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім, мамандығы бойынша жұмыс стажына талап қойылмайды; Мансаптық кеңесші: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымында халықты жұмыспен қамту және (немесе) әлеуметтік қорғау жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қосымша кәсіптік білім беру: - біліктілікті арттыру ұйымы әзірлеген бағдарлама бойынша бейімделетін оқыту; - күнтізбелік жыл ішінде өтуге міндетті оқу курсы (модуль) стандарты бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық сағат.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2422-1-023 - Еңбек ресурстары жөніндегі маман 3333-0-001 - Жұмыспен қамту жөніндегі агент 3333-0-002 - Сәйкес келетін жұмысты таңдау жөніндегі агент 3333-0-006 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі агент 3333-0-008 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі инспектор 3333-0-009 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі консультант 3333-0-010 - Тұрғындарды жұмыспен қамту жөніндегі қызметші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жұмыс берушілердің қажеттіліктерін анықтау, жұмыс берушілердің бос жұмыс орындарына лайықты үміткерлерді табу, жұмыс берушілерге жұмыспен қамту қызметі мен еңбек нарығы туралы ақпарат беру, жұмыс берушілермен байланыста болу, көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау үшін жұмыс берушілермен кері байланысты қолдау.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жұмыс берушілерге қызмет көрсету 2. Жұмыс берушілерге көрсетілетін қызметтер сапасының мониторингі	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек делдалдығын көрсету және қызметке жүгінгендерді сүйемелдеу	
Еңбек функциясы 1: Жұмыс берушілерге қызмет көрсету	Дағды 1: Жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктерін анықтау	Машықтар: 1. Қызмет көрсетудің түрлері мен мүмкін нұсқалары туралы жұмыс берушілерді хабардар ету. 2. Жұмыс берушілерге консультациялық қызметтер көрсету. 3. Жұмыс берушілермен қарым-қатынаста өзара түсіністік орнату, ашықтық, сенім және жайлылық атмосферасын сақтау. 4. Қызмет көрсету кезінде клиентке бағдарланған және белсенді тәсілді қолдану. 5. Жоғары сапалы және жекелендірілген қызметтер көрсету арқылы жұмыс берушілермен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнату. 6. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу, жұмыста онлайн-кеңес беру әдістері мен жүйелерін қолдану. 7. Дауларды шешу. 8. Қызмет көрсету кезінде инклюзивті тәсілдерді қолдану. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - қол жетімді деректер мен тікелей қарым-қатынас негізінде жұмыс берушінің ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін талдау; - бизнестің ерекшелігі мен кадрлық жағдайды ескере отырып, қызметтерді жеке іріктеу бойынша ұсыныстар қалыптастыру.	

		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілері. 2. Аймақтық еңбек нарығы және оның тенденциялары, еңбек нарығындағы өзекті кәсіптер. 3. Кеңес беру теориялары және қажетті әдістері. 4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. 5. Этикалық стандарттар. 6. Дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптар. 7. Жұмыспен қамту қызметі қызметінде және жұмыспен қамту саласында инклюзивті орта құру қағидаттары мен тәсілдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Жұмыс берушілердің бос жұмыс орындарына лайықты үміткерлерді таңдау	Машықтар:
		1. Жұмыс берушілердің қажеттіліктерін анықтау. 2. Азаматтардың мақсатты топтарының ерекшеліктерін түсіну. 3. Бос жұмыс орындары мен кандидаттарды бағалау, оларды сәйкес кандидаттарды таңдау үшін сәйкестендіру. 4. Жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту үшін сату әдістерін қолдану. 5.Қызметкерлерді іріктеудегі ынтымақтастықты кеңейту үшін жұмыс берушілермен жақсы қарым-қатынас орнату. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - «жұмсақ дағдыларды», ынтасын мен мансаптық мақсаттарды ескере отырып, кандидаттардың бос орындар талаптарына сәйкестігін талдау; - бос жұмыс орындарының ерекшеліктері мен еңбек жағдайларын ескере отырып, ізденушілерді жұмысқа орналастыру бойынша жеке ұсыныстарды қалыптастыру; - жұмыс берушімен алдын ала байланыс жасау кезеңінде кандидатқа ілесіп жүруге; - іріктеу дәлдігін арттыру үшін жұмыс берушілерден кері байланысты жинау және талдау.
		Білімдер:
		1. Жұмыс берушілер үшін жұмыспен қамтуды қолдау шаралары. 2. Іскерлік қарым-қатынас негіздері. 3. Коммуникация әдістері. 4, Кандидат ұсынатын ақпараттың дұрыстығын бағалау. 5. Кері байланысты ұсыну әдістемесі мен техникасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Жұмыс берушілерге көрсетілетін қызметтер сапасының мониторингі	Дағды 1: Шығындар, процестер және тиімділік көрсеткіштерін анықтау, көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты жинау, жүйелеу, өңдеу	Машықтар:
		1. Жұмыс берушілердің үміттері мен жұмысшылардың үміттерін талдау. 2. Нақты кәсіпке (жұмыс орны, лауазымы) үміткердің кәсіби құзыреттілік дәрежесін анықтау. 3. Жұмыс іздеушілерді әңгімелесуге жіберу мәселелері бойынша жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу. 4. Жұмыс іздеушінің бос жұмыс орындарындағы жетістіктеріне мониторинг жүргізу. 5. Жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілердің қанағаттануына қол жеткізуді қамтамасыз ету.

		Білімдер:
		1. Сату әдістері. 2. Персоналды басқару тәжірибесіндегі үрдістер. 3. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының нәтижелілігін бағалау. 4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Мониторинг нәтижелерін талдау және шешім қабылдау	Машықтар:
		1. Жұмыс берушілерге мемлекет жұмыспен қамту саласындағы мәселелер бойынша кеңес беру. 2. Жұмыспен қамту процесіне қатысқысы келетін жұмыс берушілерден өтінімдерді жинауды және талдауды жүзеге асыру. 3. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету процесін ұйымдастыру бойынша тиісті құжаттаманы ресімдеу. 4. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету нәтижелерінің мониторингі.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Өңірлік еңбек нарығы және оның үрдістері, еңбек нарығындағы өзекті кәсіптер. 3. Ішкі және сыртқы ортаны (еңбек нарығын) талдау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 3: Жоғары сапалы және теңшелген қызметтерді ұсыну	Машықтар:
		1. Жұмыспен қамту қызметі көрсететін қызметтер туралы жұмыс берушілерге кеңес беру және хабарлау. 2. Жұмыспен қамту қызметі қызметкерлерінің жұмыс берушілермен олардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша кездесулерін өткізу. 3. Жұмыс берушілермен бірлесіп бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру және өткізу.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілері. 2. Аймақтық еңбек нарығы және оның тенденциялары, еңбек нарығындағы өзекті кәсіптер. 3. Байланыс әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Қосымша еңбек функциясы 1: Жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек делдалдығын көрсету және қызметке жүгінгендерді сүйемелдеу	Дағды 1: Алғашқы қабылдауды өткізу және қызметке жүгінгендерге кеңес беру	Машықтар:
		1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша түсінікті лексиканы қолданып кеңес беру. 2. Жұмыспен қамту қызметтерінің, соның ішінде цифрлық жұмыспен қамту платформаларының қалай жұмыс істейтінін түсіндіру. 3. Жұмыс іздеушілерді тіркеуді жүзеге асыру. 4. Жұмыспен қамтуды қолдаудың қолайлы нұсқаларын таңдауға көмектесу. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - мақсатты топ өкілдерімен жұмыс барысында стратегиялық коммуникация әдістерін қолдану; - жұмыс іздеушінің қажеттіліктері мен күтілімдерін диагностикалау; - жұмысты белсенді іздеуге ынталандыру.

	Білімдер:
	1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Этикалық стандарттар. 3. Коммуникация әдістері. 4. Психология негіздері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Дағды 2: Жұмысқа орналасу қажеттілігін айқындау және жұмысқа орналасуға кедергілерді бағалау	Машықтар:
	1. Жұмыс іздеушінің әлеуметтік жағдайы мен шектеулерінің ерекшеліктерін ескеру. 2. Жұмыс іздеуші туралы ақпаратты құрметпен және бейтарап түрде алуды қамтамасыз ететін кәсіби сұхбат жүргізу әдістерін қолдану. 3. Жұмысқа орналасуға дайындық деңгейіне базалық бағалау жүргізу. 4. Жұмыс іздеушінің жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығына сүйене отырып, белгілі бір критерийлер бойынша ізденушілерді санаттарға (бейінді топтарға) бөлу. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - жұмыс іздеушінің ынтасын, дағдыларын, тәжірибесін және кедергілерін анықтау.
	Білімдер:
	1. Жұмыссыздарды бейіндеу жүйесі мен әдістері. 2. Жұмыспен қамтудың әлеуметтік аспектілері. 3. Осал топтармен жұмыс істеу. 4. Психология негіздері. 5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Дағды 3: Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу және сүйемелдеу	Машықтар:
	1.Жұмыс іздеушіні жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының мақсаты, құрылымы және мазмұны туралы хабардар етеді. 2. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын құрастырады және құжаттайды. 3. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының орындалуына мониторинг жүргізеді. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - тұрақты шектеулер мен мақсаттарды анықтау үшін жұмыс іздеушімен тереңдетілген сұхбат жүргізу; - жұмыс іздеушінің әлеуеті мен шектеулерін ескере отырып, жұмыспен қамтуды қолдау шараларын айқындау.
	Білімдер:
	1. Еңбек траекториясын жеке жоспарлау әдістемесі. 2. Ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі. 3. Жұмыссыздар үшін жұмыспен қамтуды қолдау шаралары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 4: Жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өтініш берген адамдарды хабардар ету	Машықтар:	
		1. Еңбек нарығы және бос орындар туралы ақпарат беру. 2. Ақпараттандыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен онлайн-сервистерді пайдалану. 3. Еңбек нарығы туралы негізгі ұғымдардың мағынасын түсіндіру. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - жұмыс іздеушілерді түйіндеме жасауға, сұхбаттасуға дайындауға үйрету; - топтық тренингтер немесе консультациялар өткізу.	
		Білімдер:	
		1. Өңірлік және ұлттық еңбек нарығының құрылымы мен динамикасы. 2. Жұмыспен қамту саласында пайдаланылатын заманауи цифрлық технологиялар мен онлайн-құралдар. 3. Оқытуды, консультация беруді және сүйемелдеуді қоса алғанда, жұмысқа орналасуға белсенді жәрдемдесу әдістері. 4. Жұмыс іздеушілердің әртүрлі санаттары үшін оқыту іс-шараларын әзірлеу және өткізу негіздері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Коммуникативтілік Айырмашылықтарға төзімділік (этникалық, мәдени, әлеуметтік) Адалдық Жайлы атмосфера құру Стресске төзімділік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман	
	6	Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман	
10. Кәсіптің карточкасы «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман»:			
Топтың коды:	3333-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 116614 болып тіркелген) 8-параграф. Еңбек ұтқырлығы орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) маманы, 7-параграф. Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) маманы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Санатсыз: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім, мамандығы бойынша жұмыс өтіліне талап қойылмайды; Мансаптық кеңесші: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымында халықты жұмыспен қамту және (немесе) әлеуметтік қорғау жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қосымша кәсіптік білім беру: - біліктілікті арттыру ұйымы әзірлеген бағдарлама бойынша бейімделетін оқыту; - күнтізбелік жыл ішінде өтуге міндетті оқу курсы (модуль) стандарты бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық сағат.		

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2422-1-008 - Карьералық өсу саласындағы консультант 2422-1-023 - Еңбек ресурстары жөніндегі маман 3333-0-001 - Жұмыспен қамту жөніндегі агент 3333-0-002 - Сәйкес келетін жұмысты таңдау жөніндегі агент 3333-0-006 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі агент 3333-0-008 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі инспектор 3333-0-009 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі консультант 3333-0-010 - Тұрғындарды жұмыспен қамту жөніндегі қызметші	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жұмыспен қамту саласында клиенттерге қызмет көрсету, жұмыссыз адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жұмыс іздеушілерге мансаптық мүдделер мен қажеттіліктерді айқындауға көмектесу, жұмыс берушілерге қызметкерлерді іздеуде қолдау көрсету	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге еңбек делдалдығын көрсету 2. Жұмыс іздеушілермен кәсіптік бағдарлау әңгімелесулерін өткізу 3. Еңбек делдалдығын көрсету мониторингі
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге еңбек делдалдығын көрсету	Дағды 1: Алғашқы қабылдауды өткізу	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушімен және жұмыс берушімен қарым-қатынас жасау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету, сыйластық көрсету, теріс көзқарастар мен таптаурындардан бас тарту және сабырлық таныту. 2. Кәсіби лексиканы қолдану және ізденушіге және жұмыс берушіге ақпаратты түсіндіру. 3. Еңбек нарығының талаптарына сәйкес ізденушінің білімін, дағдыларын, ынтасын және жағдайын анықтау. 4. Жұмыс берушілердің қызметкерлерге қоятын талаптарын талдау. 5. Жұмыс ізденушіні жұмысқа орналастыруға байланысты күшті жақтары мен кедергілерін бағалау. 6. Жұмыс іздеушіге және жұмыс берушіге бағалаудың нәтижелері мен салдарын түсіндіру. 7. Қызметтерді ұсыну кезінде инклюзивті тәсілдерді пайдалану. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - сұхбаттасу және бақылау әдістерін пайдалана отырып, жұмысқа орналасу әлеуетін ескере отырып, жұмыс іздеушінің бейінін талдау; - сәйкессіздік аймақтары мен өсу нүктелерін анықтай отырып, ізденушінің күтулері мен жұмыс берушілердің ұсыныстарын салыстыру; - жұмысқа орналастырудың одан арғы бағыты бойынша ұсынымдар қалыптастыру.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілері. 2. Еңбек нарығы және оның тенденциялары, еңбек нарығындағы өзекті кәсіптер. 3. Жұмыс орындарын құру саясаты. 4. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі. 5.Байланыс әдістері. 6. Халықтың мақсатты топтарымен жұмыс істеу әдістері мен құралдары. 7. Еңбек делдалдығын көрсету кезінде жалдау және іріктеу әдістері мен құралдары. 8. Жұмыспен қамту қызметі қызметінде және жұмыспен қамту саласында инклюзивті орта құру қағидаттары мен тәсілдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 2: Қызметке жүгінген адамдарды тіркеу	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушімен және жұмыс берушімен олардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып өзара іс-қимыл жасау. 2. Азаматтардың мақсатты топтарының ерекшеліктерін түсіну, әлеуметтік мәртебе мен ықтимал шектеулерді ескеру. 3. Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді жемісті өзара іс-қимыл арқылы ынталандыру, шабыттандыру және қолдау. 4. Жұмыссыздар санаттары бойынша жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығына қарай бөлінісін (бейіндеу). 5. Негізгі сәттерді баса айта отырып, айқын және қысқаша сөйлеу. 6. Жұмыс іздеушінің және жұмыс берушінің пікірін құрметтеу.
		Білімдер:
		1. Жұмыссыздарды бейіндеу жүйесі мен әдістері, жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу. 2. Жұмыссыздарды жұмыспен қамтуды қолдаудың шаралары. 3. Онлайн кеңес беру әдістері. 4. Психология негіздері. 5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Жұмыс іздеушілермен кәсіптік бағдарлау әңгімелесулерін өткізу	Дағды 1: Жұмыс іздеушілердің мансаптық қызығушылықтарын, үміттері мен қажеттіліктерін анықтау	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушімен бірлесіп оны жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу, оның орындалуын бақылау. 2. Жұмыс іздеушіге қажетті қызмет түрлері мен нысандарын анықтау үшін ақпаратты жинау және талдау. 3. Жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін кәсіби емес кедергілерді жою стратегияларын анықтау. 4. Жұмысқа қойылатын талаптарды жұмыс іздеушілердің жеке сипаттамалары мен үміттерімен салыстыру. 5. Дауларды шешу. 6. Кәсіптік салада, оның ішінде халықтың осал топтары мен еңбек нарығындағы саясат туралы жаңа білімге ие болу, жаңарту және қолдану. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтары: - мансаптық мүдделерді, еңбек әлеуетін және қолжетімді қолдау бағдарламаларын ескере отырып, жұмысқа орналастырудың жеке жоспарларын әзірлеу; - жұмыс іздеушінің артықшылықтары мен дағдыларын анықтау үшін кәсіптік диагностиканың кеңейтілген құралдарын қолдану; - қайта оқытуға арналған бағыттарды қоса алғанда, жұмыс іздеушінің еңбек дағдыларын дамыту стратегиясын әзірлеу; - жұмыс іздеушінің күтулеріне және нақты мүмкіндіктеріне байланысты жанжжалдарды тиімді басқару; - әлеуметтік және кәсіби жағдайды ескере отырып, осал санаттарға арналған ұсынымдарды бейімдеу.

		Білімдер:
		1. Этикалық стандарттар. 2. Жеке тұлға психологиясының және азаматтардың жекелеген санаттарының ерекшеліктері. 3. Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектің әлеуметтік-психологиялық аспектілері. 4. Кеңес беру теориясы және қажетті техникалар. 5. Вербалды емес қарым-қатынас техникасы. 6. Тұлғааралық қатынастардың табиғаты. 7. Топта және жеке жұмыс істеу техникасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге өңірдің еңбек нарығы және білікті кадрларға қажеттілік туралы ақпарат беру	Машықтар:
		1. Еңбек делдалдығы процесінің тиімділігін бағалау. 2. Өнімділікті бағалау кезінде критерий ретінде ресурстарды үнемдеуді пайдалану. 3. Мәселені талдау және құрылымдау, жағдайдан шығудың мүмкін нұсқаларын анықтау және қарастыру, шешім қабылдау және қиындықтарды шешу. 4. Еңбек делдалдығын көрсету кезінде жалдау және іріктеу әдістері мен құралдары туралы білімді қолдану. 5. Персоналды басқарудың соңғы тенденцияларын ұстану. 6. Жұмыс іздеушілерді жұмысқа орналасу процесіне, соның ішінде түйіндеме жасауға, сұхбаттасуға дайындыққа және т. б. үйрету. «Мансаптық кеңесші» санаты үшін қосымша машықтар: - лайықты бос орындар мен оқытудың сұранысқа ие бағыттарын таңдау үшін еңбек нарығын талдау әдістерін қолдану; - жұмыс берушілердің өзекті талаптарына бейімделу бойынша ізденушілер үшін ұсынымдар әзірлеу; - жұмыс іздеуші мен жұмыс берушінің өзара іс-қимылының тиімсіздігінің себептерін талдау және процеске түзетулер енгізу; - жұмыс іздеушілердің дайындық деңгейін ескере отырып, топтық консультациялар мен тренингтер өткізу.
		Білімдер:
		1. Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің мақсатты топтарымен жұмыс істеу әдістері мен құралдары. 2. Еңбек делдалдығын көрсету кезінде жалдау және іріктеу әдістері мен құралдары. 3. Жұмыссыздарды бейіндеу, жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу жүйесі мен әдістері. 4. Жұмыссыздарды жұмыспен қамтуды қолдаудың шаралары. 5. Онлайн кеңес беру әдістері. 6. Психология негіздері. 7. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. 8. Этикалық стандарттар. 9. Жеке тұлға психологиясының ерекшеліктері және азаматтардың жекелеген санаттары. 10. Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесудің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 3: Еңбек делдалдығын көрсету мониторингі		

	Дағды 1: Шығындар, процестер және тиімділік көрсеткіштерін анықтау, көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты жинау, жүйелеу, өңдеу	Машықтар:
		1. Қызмет көрсету кезінде клиентке бағдарланған және проактивті тәсілді қолдану. 2. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу, жұмыста онлайн-кеңес беру әдістері мен жүйелерін қолдану. 3. Стресс жағдайында әдеттегі операцияларды орындау, қиын жағдайларда эмоциялар мен мінез-құлықты бақылау.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілері. 2. Еңбек нарығы және оның тенденциялары, еңбек нарығындағы өзекті кәсіптері. 3. Жұмыс орындарын құру саясаты.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Бақылау нәтижелерін талдау және шешім қабылдау	Машықтар:
		1. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу, жұмыста онлайн-кеңес беру әдістері мен жүйелерін қолдану. 2. Мәселені талдау және құрылымдау, жағдайдан шығудың мүмкін нұсқаларын анықтау және қарастыру, шешім қабылдау және қиындықтарды шешу. 3. Халықты жұмыспен қамту саласындағы талдамалық және статистикалық ақпаратты белгіленген мерзімде жинақтап, мемлекеттік органдарға ұсыну.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Еңбек нарығы және оның тенденциялары, еңбек нарығындағы өзекті кәсіптер. 3. Жұмыс орындарын құру саясаты.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Коммуникативтілік Айырмашылықтарға төзімділік (этникалық, мәдени, әлеуметтік) Адалдық Жайлы атмосфера құру Стресске төзімділік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман
	6	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман
11. Кәсіптің карточкасы «Әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент»:		
Топтың коды:	3412-0	
Қызмет атауының коды:	3412-0	
Кәсіптің атауы:	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16057 болып тіркелген). 1-параграф. Мансап орталығының ассистенті		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қосымша кәсіптік білім алу: - біліктілікті арттыру ұйымы әзірлеген бағдарлама бойынша бейімделетін оқыту; - күнтізбелік жыл ішінде өтуге міндетті оқу курсы (модуль) стандарты бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық сағат.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3412-0-005 - Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман 3412-0-008 - Әлеуметтік қызметкер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Әлеуметтік көмек алу мәселелері бойынша азаматтарға консультациялар жүргізуде әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанқа, жергілікті атқарушы органдарға жәрдем көрсету, азаматтардың әлеуметтік келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініштер мен құжаттарды қабылдау 2. Азаматтардың әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек делдалдығын көрсету және қызметке жүгінгендерді сүйемелдеу	
Еңбек функциясы 1: Атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініштер мен құжаттарды қабылдау	Дағды 1: Кедейлік шегінен төмен азаматтарды (отбасыларды) анықтау	Машықтар:	
		1. Өтініш берушімен қарым-қатынас жасау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету, сыйластық көрсету, сенімсіздік пен таптаурындардан бас тарту және шыдамдылық көрсету. 2. Атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждар санатынан шығудың ықтимал нұсқалары туралы халықты, оның ішінде ауылдық елді мекендерге шығу арқылы хабардар ету. 3. Кәсіби лексиканы қолдану және өтініш берушіге ақпаратты түсіндіру. 4. Өтініш берушінің пікірін құрметтеу; 5. Қызмет көрсету кезінде инклюзивті тәсілдерді пайдалану.	
		Білімдер:	
		1. Жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Әлеуметтік қызмет көрсету тәртібі. 3. Халықтың нысаналы топтарымен жұмыс істеу әдістері мен құралдары. 4. Әлеуметтік қызметтерді алуға құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар. 5. Жұмыспен қамту қызметі мен әлеуметтік қорғау саласындағы инклюзивті ортаны құру қағидаттары мен тәсілдері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	

	Дағды 2: Өтініш берушінің отбасылық өмірлік жағдайын бағалау	Машықтар:
		1. Азаматтардың мақсатты топтарының ерекшеліктерін түсіну, әлеуметтік мәртебе мен ықтимал шектеулерді ескеру. 2. Кеңес беру қызметін көрсету. 3. Өтініш берушіге қажетті қызмет түрлері мен нысандарын анықтау үшін ақпарат жинау және талдау.
		Білімдер:
		1. Жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Әлеуметтік қызмет көрсету тәртібі. 3. Коммуникация әдістері. 4. Халықтың нысаналы топтарымен жұмыс істеу әдістері мен құралдары. 5. Әлеуметтік қызметтерді алуға құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Азаматтардың әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізу	Дағды 1: Атаулы әлеуметтік көмек алушының өмірлік жағдайындағы өзгерістерді қадағалау	Машықтар:
		1. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген өтініш берушілердің іс макеттерін қалыптастырады. 2. Адамға (отбасына) көмектің жеке жоспарын әзірлейді. 3. Өтініш берушілермен байланыс орнату, ақпарат және көмек беру. 4. Проблеманы талдау және құрылымдау, жағдайдан шығудың ықтимал нұсқаларын айқындау және қарау, шешімдер қабылдау және қиындықтарды шешу. 5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу, жұмыста онлайн-кеңес беру әдістері мен жүйелерін қолдану.
		Білімдер:
		1. Жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Әлеуметтік қызмет көрсету тәртібі. 3. Коммуникация әдістері; 4. Халықтың нысаналы топтарымен жұмыс істеу әдістері мен құралдары. 5. Атаулы әлеуметтік көмек алуға құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар. 6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, онлайн-консультация беру әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын бағалау	Машықтар:
		1. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру. 2. Стресс жағдайында әдеттегі операцияларды орындау. 3. Қиын жағдайларда эмоциялар мен мінез-құлықты бақылау. 4. Дауларды шешу.

		Білімдер:
		1. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу әдістері; 2. Психология негіздері; 3. Бағалау жүргізу әдістері; 4. Диагностика әдістері; 5. Әлеуметтік жұмыстағы этикалық стандарттар; 6. Жеке тұлға психологиясының және азаматтардың жекелеген санаттарының ерекшеліктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Қосымша еңбек функциясы 1: Жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек делдалдығын көрсету және қызметке жүгінгендерді сүйемелдеу	Дағды 1: Алғашқы қабылдауды өткізу және қызметке жүгінгендерге кеңес беру	Машықтар:
		1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша түсінікті лексиканы қолданып кеңес беру. 2. Жұмыспен қамту қызметтерінің, соның ішінде цифрлық жұмыспен қамту платформаларының қалай жұмыс істейтінін түсіндіру. 3. Жұмыс іздеушілерді тіркеуді жүзеге асыру. 4. Жұмыспен қамтуды қолдаудың қолайлы нұсқаларын таңдауға көмектесу.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Этикалық стандарттар. 3. Коммуникация әдістері. 4. Психология негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Жұмысқа орналасу қажеттілігін айқындау және жұмысқа орналасуға кедергілерді бағалау	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушінің әлеуметтік жағдайы мен шектеулерінің ерекшеліктерін ескеру. 2. Жұмыс іздеуші туралы ақпаратты құрметпен және бейтарап түрде алуды қамтамасыз ететін кәсіби сұхбат жүргізу әдістерін қолдану. 3. Жұмысқа орналасуға дайындық деңгейіне базалық бағалау жүргізу. 4. Жұмыс іздеушінің жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығына сүйене отырып, белгілі бір критерийлер бойынша жұмыс іздеушілерді санаттарға (бейінді топтарға) бөлу.
		Білімдер:
		1. Жұмыссыздарды бейіндеу жүйесі мен әдістері. 2. Жұмыспен қамтудың әлеуметтік аспектілері. 3. Осал топтармен жұмыс істеу. 4. Психология негіздері. 5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 3: Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу және сүйемелдеу	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушіні жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының мақсаты, құрылымы және мазмұны туралы хабардар етеді. 2. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын құрастырады және құжаттайды. 3. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

		Білімдер:	
		1. Еңбек траекториясын жеке жоспарлау әдістемесі. 2. Ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі. 3. Жұмыссыздар үшін жұмыспен қамтуды қолдау шаралары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
	Дағды 4: Жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өтініш берген адамдарды хабардар ету	Машықтар:	
		1. Еңбек нарығы және бос орындар туралы ақпарат беру. 2. Ақпараттандыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен онлайн-сервистерді пайдалану. 3. Еңбек нарығы туралы негізгі ұғымдардың мағынасын түсіндіру.	
		Білімдер:	
		1. Өңірлік және ұлттық еңбек нарығының құрылымы мен динамикасы. 2. Жұмыспен қамту саласында пайдаланылатын заманауи цифрлық технологиялар мен онлайн-құралдар. 3. Оқытуды, консультация беруді және сүйемелдеуді қоса алғанда, жұмысқа орналасуға белсенді жәрдемдесу әдістері. 4. Жұмыс іздеушілердің әртүрлі санаттары үшін оқыту іс-шараларын әзірлеу және өткізу негіздері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Коммуникативтілік Айырмашылықтарға төзімділік (этникалық, мәдени, әлеуметтік) Адалдық Жайлы атмосфера құру Стресске төзімділік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант	
	5	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант	

12. Кәсіптің карточкасы «Жұмысқа орналастыру жөніндегі консультант»:

Топтың коды:	3333-0		
Қызмет атауының коды:	3333-0-009		
Кәсіптің атауы:	Жұмысқа орналастыру жөніндегі консультант		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 116614 болып тіркелген). 8-параграф. Еңбек мобильділігі орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) маманы, 7-параграф. Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) маманы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			

Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қосымша кәсіптік білім алу: - біліктілікті арттыру ұйымы әзірлеген бағдарлама бойынша бейімделетін оқыту; - күнтізбелік жыл ішінде өтуге міндетті оқу курсы (модуль) стандарты бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық сағат.	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3333-0-001 - Жұмыспен қамту жөніндегі агент 3333-0-006 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі агент	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге жұмыспен қамту қызметінің қызмет көрсету түрлері мен тәртібі бойынша, оның ішінде электрондық форматта консультациялық қызметтер көрсету.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге консультациялық қызметтер көрсету
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек делдалдығын көрсету және қызметке жүгінгендерді сүйемелдеу
Еңбек функциясы 1: Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге консультациялық қызметтер көрсету	Дағды 1: Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктерін анықтау	Машықтар:
		1. Жұмыс берушімен қарым-қатынас жасау үшін құрметпен, сенімсіздік пен таптаурындардан бас тарта отырып және сабырлық таныта отырып қолайлы ортаны қамтамасыз ету. 2. Кәсіби лексиканы пайдалану және жұмыс берушіге ақпаратты түсіндіру. 3. Жұмыс іздеушінің немесе жұмыс берушінің пікірін құрметтеу. 4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу, жұмыста онлайн-консультация беру әдістері мен жүйелерін қолдану. 5. Жұмыспен қамту және/немесе әлеуметтік көмек салаларының бағыттары бойынша консультациялық қызметтер көрсету. 6. Қызмет көрсету кезінде инклюзивті тәсілдерді пайдалану.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 2. Жұмыспен қамту қызметінің қызмет көрсету түрлері мен тәртібі, оның ішінде электрондық форматта. 3. Жұмыспен қамту қызметі бөлімшелерінің және қызметкерлердің қызметі. 4. Жұмыссыздар үшін жұмыспен қамтуды қолдау шаралары. 5. Коммуникация әдістері. 6. Этикалық стандарттар. 7. Жұмыспен қамту қызметі мен жұмыспен қамту саласындағы инклюзивті ортаны құру қағидаттары мен тәсілдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді қызметтер және оларды ұсыну тәртібі туралы хабардар ету	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге заңнама, еңбек нарығының саясаты, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары саласындағы ақпаратты жеткізу. 2. Стресс жағдайында әдеттегі операцияларды орындау. 3. Қиын жағдайларда эмоциялар мен мінез-құлықты бақылау. 4. Дауларды шешу. 5. Кәсіби салада жаңа білім алу және қолдану.

		Білімдер:
		1. Кеңес беру теориясы және қажетті техникалар. 2. Тұлғааралық қатынастардың табиғаты. 3. Топта және жеке жұмыс істеу техникасы. 4. Іс қағаздарын жүргізу ережесі мен тәртібі, есеп беру тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Қосымша еңбек функциясы 1: Жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек делдалдығын көрсету және қызметке жүгінгендерді сүйемелдеу	Дағды 1: Алғашқы қабылдауды өткізу және қызметке жүгінгендерге кеңес беру	Машықтар:
		1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша түсінікті лексиканы қолданып кеңес беру. 2. Жұмыспен қамту қызметтерінің, соның ішінде цифрлық жұмыспен қамту платформаларының қалай жұмыс істейтінін түсіндіру. 3. Жұмыс іздеушілерді тіркеуді жүзеге асыру. 4. Жұмыспен қамтуды қолдаудың қолайлы нұсқаларын таңдауға көмектесу.
		Білімдер:
		1. Еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер. 2. Этикалық стандарттар. 3. Коммуникация әдістері. 4. Психология негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Жұмысқа орналасу қажеттілігін айқындау және жұмысқа орналасуға кедергілерді бағалау	Машықтар:
		1. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша түсінікті лексиканы қолданып кеңес беру. 2. Жұмыспен қамту қызметтерінің, соның ішінде цифрлық жұмыспен қамту платформаларының қалай жұмыс істейтінін түсіндіру. 3. Жұмыс іздеушілерді олардың жеке ерекшеліктері мен ағымдағы өмірлік жағдайын ескере отырып тіркеуді жүзеге асыру. 4. Жұмыспен қамтуды қолдаудың қолайлы нұсқаларын таңдауға көмектесу.
		Білімдер:
		1. Жұмыссыздарды бейіндеу жүйесі мен әдістері. 2. Жұмыспен қамтудың әлеуметтік аспектілері. 3. Осал топтармен жұмыс істеу. 4. Психология негіздері. 5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 3: Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу және сүйемелдеу	Машықтар:
		1. Жұмыс іздеушіні жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының мақсаты, құрылымы және мазмұны туралы хабардар етеді. 2. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын құрастырады және құжаттайды. 3. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының орындалуына мониторинг жүргізеді.
		Білімдер:
		1. Еңбек траекториясын жеке жоспарлау әдістемесі. 2. Ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі. 3. Жұмыссыздар үшін жұмыспен қамтуды қолдау шаралары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 4: Жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өтініш берген адамдарды хабардар ету	Машықтар:	
		1. Еңбек нарығы және бос орындар туралы ақпарат беру. 2. Ақпараттандыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен онлайн-сервистерді пайдалану. 3. Еңбек нарығы туралы негізгі ұғымдардың мағынасын түсіндіру.	
		Білімдер:	
